**«2024-2025 оқу жылына сынып жетекшілердің тәрбие жұмысын жоспарлау сапасы» бақылау нәтижесі туралы**

# АНЫҚТАМА

**Бақылау тақырыбы:** 2024-2025 оқу жылына сынып жетекшілердің тәрбие жұмысын жоспарлау сапасы
**Бақылау мақсаты:** Құжаттардың бірыңғай талаптарға сәйкестігін назарда ұстау
**Бақылау объектісі:** Сынып жетекшісінің жұмыс жоспары
**Бақылау субъектісі:**анықтама
**Бақылау түрі:**тақырыптық
**Бақылау нысаны:**жоспар
**Бақылау әдістері:**Жоспарларды қарау және талдау
**Жауаптылар:** ДТЖО
**Орындау мерзімі:** қаңтар айы

**Қорытындысы:**

2024-2025 оқу жылында сынып жетекшілердің тәрбие жұмысын жоспарлауының сапасы қаралып, бірыңғай талаптарға сәйкес келуі тексерілді. Жоспарлар сараланып, кейбір кемшіліктер мен толықтырулар қажеттілігі анықталды. Көпшілік сынып жетекшілері тәрбие жұмысын жоспарлауда әдістемелік ұсыныстарды сақтаған. Алайда кейбір жоспарларда мақсаттар мен міндеттерді нақтылау, іс-шаралардың мазмұнын тереңдету қажеттілігі байқалды. Жоспарлардың көпшілігі жүйелі түрде құрылған, жылдық іс-шаралар жоспарланған. Жоспарлар бойынша сынып жетекшілері оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, әрбір оқушымен жеке жұмыс жүргізуге тырысады. Оқушының шығармашылық әлеуетін дамыту бойынша нақты шаралар өткізілуде. Жоспарланған тәрбие іс-шараларының тақырыптары маңызды және өзекті мәселелерге бағытталған. Алайда кейбір шаралардың өткізілу формаларын әртараптандыру қажет. Жалпы алғанда, сынып жетекшілердің тәрбие жұмысын жоспарлауы қанағаттанарлық деп бағаланады, бірақ сапаны жақсарту мақсатында кейбір тұстарында жетілдіру қажет.

**Қорытынды ұсыныс:**

1. Жоспарларды толықтырып, бірыңғай талаптарға сәйкестендіру.
2. Сынып жетекшілеріне тәрбие жұмысының әдістемелік құралдары мен нұсқаулықтарын беру.
3. Жоспарды орындау барысында оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру бойынша қосымша шаралар қабылдау.

**ДТЖО:** Аманхосов А.Ж.